

"Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесін бекіту туралы"

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 3-НП нормативтік қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Республикалық Бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2013 жылғы 18 қаңтардағы № 1-НП Нормативтік Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 15 ақпанда № 8338 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 2015 жылғы 28 қарашадағы № 13-НҚ нормативтік қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 28.11.2015 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 145-бабының 4-3) тармағына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. «Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесін бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 3-НП нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7205 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2011 жылғы 15 қазандағы № 497-500 (26892) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған нормативтік қаулымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесі осы нормативтік қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің аппарат басшысы (В.В. Супрун) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы нормативтік қаулының мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Төраға</i>			<i>А. Мусин</i>		
Республикалық			бюджеттің		атқарылуын
бақылау	жөніндегі		есеп	комитетінің	
2013	жылғы	18	қаңтардағы	№	1-НП
нормативтік қаулысына қосымша					
Республикалық			бюджеттің		атқарылуын
	бақылау		жөніндегі	есеп	комитетінің
2011	жылғы	31	тамыздағы	№	3-НП
нормативтік қаулысымен бекітілген					

Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесі

1. Негізгі ережелер

1. Осы сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесі (бұдан әрі – Үлгі жүйе) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 145-бабының 4-3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Үлгі ереженің негізгі мақсаты бақылаумен барынша қамту мақсатында тәуекелі жоғары, сондай-ақ тәуекелге неғұрлым бейім бақылау объектілерін анықтау болып табылады.

2. Негізгі ұғымдар

3. Үлгі жүйені пайдалану кезінде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бақылау объектілері – бюджет процесіне қатысушылар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ бюджет қаражатын алушылар, байланысты гранттарды, мемлекет активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар;

2) бақылау объектісін таңдау – дайындық кезеңі, оның барысында бақылау объектісінің қызметінің нәтижесі, туындайтын тәуекелдер мен кездесетін проблемалар туралы ақпаратты жинауға, талдауға және бағалауға негізделетін бақылау іс-шараларының бүкіл процесін жоспарлап, жүргізу үшін қажетті алғышарттар жасалады;

3) өлшемдер – көрсеткіштер тізбесі, солардың негізінде бақылау объектісін белгілі бір тәуекел тобына жатқызу туралы шешім қабылданады;

4) тәуекел – Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын сақтамаудың, бақылау объектісіне оқиғаның немесе іс-қимылдың тигізетін жағымсыз әсерінің

ықтималдылығы, ол қаржылық бұзушылықтарға, бюджет қаражатының ұрлануына (ысырап болуына) әкеліп, мемлекетке экономикалық зиян шектіруі мүмкін, сондай-ақ бағдарламалық құжаттарда және мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында қарастырылған көрсеткіштерін және нысаналы индикаторларын қол жеткізбеуі немесе тиімсіз орындауы мүмкін;

5) тәуекел тобы – осы үлгі жүйемен белгіленген параметрлер мен көрсеткіштерге сәйкес алынған өлшемдер бойынша бақылау объектілерін ш а р т т ы т ү р д е т о п т а с т ы р у ;

б) тәуекелдерді басқару – тәуекелдерді сәйкестендіру мен талдауға және тәуекел оқиғаларының туындаған оң салдарларын барынша арттырып, теріс салдарларын барынша азайтуды қамтитын шешімдерді қабылдауға байланысты п р о ц е с т е р ;

7) тәуекелдерді басқару жүйесі – бақылау іс-шараларын тиімді жоспарлауды және жүргізуді қамтамасыз ететін, ресурстарды таңдап, оларды бақылау қызметінің ең басым бағыттарына оңтайлы бөлу принциптеріне негізделген ә к і м ш і л і к е т у ж ү й е с і ;

8) тәуекелді талдау – тәуекел дәрежесін бағалаудың процесін оңтайландыру мақсатында бақылау объектісі қызметінің қандай да бір саласына тәуекелдің тигізетін ең үлкен әсерін анықтау үшін жүргізілетін іс-қимыл;

9) тәуекелдің дәрежесін бағалау – тәуекелдің параметрлерін сипаттайтын барлық тәуекел жағдайларын заттай-бұйымдық және құн бойынша талдау.

4. Тәуекелдерді басқару процесі:

1) тәуекелдерге бағалау жүргізу үшін деректер базасын бақылау объектілерінен және басқа да ресми көздерден алынған қаржылық, бюджеттік, бухгалтерлік есептіліктен қажетті ақпаратты жинау жолымен жасау;

2) тәуекелдерді сәйкестендіру тәуекелдерді маңыздылық дәрежесі (жоғары, орташа, ең төмен) бойынша орналастыруға негізделген;

3) тәуекелдің жиынтық көрсеткішін есептеу;

4) тәуекелді бағалау нәтижелерін алу, яғни – бақылау объектілері, тәуекелдердің маңыздылық дәрежесі мен тобы бөлінісінде шығу нысандарын қ а л ы п т а с т ы р у ;

5) тәуекелдерге мониторинг жүргізу және оларды бақылау – бақылау объектілерінің тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі іс-қимылдарын кейіннен талдап, тиімділігін бағалау үшін серпінмен бақылау объектілерін тәуекел т о п т а р ы б о й ы н ш а е с е п к е а л у ;

б) тәуекелдерді басқаруды жоспарлау кезеңдерін қамтиды.

5. Үлгі жүйе бақылау - талдау іс-шараларының жоспарын жасау, бақылау жүргізу, бақылау объектілерін талдау және бағалау кезінде пайдаланылады.

6. Үлгі жүйені сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдары (бұдан әрі

– бақылау органдары) жүктелген функциялары мен өкілеттіктеріне сәйкес бюджеттің барлық деңгейінде пайдаланады: республикалық деңгейде – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті); жергілікті деңгейде – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары (бұдан әрі – тексеру комиссиялары).

7. Осы үлгі жүйеде регламенттелмеген мәселелер Есеп комитетімен келісе отырып, тексеру комиссияларымен шешіледі.

3. Тәуекелдерді бағалау мен сәйкестендіру үшін деректер базасын жасау

8. Тәуекелдерге бағалау жүргізу үшін деректер базасын жасау көрсеткіштерді талдау барысында жүзеге асырылады, олардың негізінде тәуекелдерді бағалаудың өлшемдері жасалады.

9. Талдау жүргізу процесінде бақылау объектісін тиісті тәуекел тобына жатқызатын тәуекелге неғұрлым бейім, сондай-ақ орнықты және тәуекелге бейімі аз көрсеткіштер анықталады. Бұл ретте тәуекелдерге сәйкестендіруді жүргізу үшін өлшемдер тізбесі анықталады, сондай-ақ олардың сипаттамаларына құжаттама жүргізіледі.

10. Тәуекелдерді сәйкестендіру үш кезеңде жүргізіледі:

1) бастапқы кезеңде тәуекелдерді сәйкестендіру үшін қажетті сандық және сапалық өлшемдер, үлестер, пайыздағы серпін түріндегі шамалар мен деректерді есептеу бойынша есептік операциялар жүргізіледі;

2) екінші кезеңде талдау іс-шаралары және тәуекелдердің өлшемдері бойынша шамалар мен деректерді салыстырып тексеру жүзеге асырылады;

3) үшінші кезеңде тәуекелдерді сәйкестендіру және бақылау объектілерін тәуекел топтары бойынша бөлу жүргізіледі.

11. Тәуекелдерді сәйкестендіру кезінде мыналар жүргізіледі:

1) тәуекелдерді сапалық тұрғыдан бағалау, яғни – әрбір өлшем үшін оларға сапалы бағалауды жүргізуге мүмкіндік беретін мәндер диапазонын белгілеу, белгілі бір өлшем бойынша алынған көрсеткіштерге сүйене отырып бақылау объектісі тәуекел тобының біріне жатқызылады;

2) тәуекелдерді сандық тұрғыдан бағалау, яғни – өлшемдерді мәндерінің қосындысына қарай салыстыру, осының негізінде бақылау объектісі қандай да бір тәуекел тобына жатқызылады.

12. Бақылау объектілерін тәуекел тобы ішінде саралау ол жатқызылған топтың мәндер қосындысына байланысты жүзеге асырылады. Жоғары дәрежелі тәуекел тобында сол топта ең көп мәндер қосындысын жинаған объект бірінші орынға қойылады.

13. Тәуекелдерді сәйкестендірудің барлық кезеңдеріндегі процесіне жалпы басшылық бақылау органының басшысымен жүзеге асырылады.

14. Бақылау іс-шараларын жоспарлау және жүргізу үшін бақылау объектілерін тәуекел топтарына жатқызу бойынша өлшемдер тізбесі олардың ашықтығы, қолжетімділігі және сандық өлшемділігі негізінде анықталады.

4. Тәуекелдің жиынтық көрсеткішін есептеу мен тәуекелді бағалау қорытындысын алу

15. Әрбір өлшем үшін мәндер диапазоны белгіленген. Белгілі бір өлшем бойынша мәнге сүйене отырып, көрсеткіш үш тәуекел тобының біріне ж а т қ ы з ы л а д ы :

- 1) жоғары дәрежелі тәуекел тобы;
- 2) орта дәрежелі тәуекел тобы;
- 3) ең төмен дәрежелі тәуекел тобы.

16. Жеке өлшем үшін белгіленген мәндер диапазондарына сүйене отырып, бақылау объектісінің көрсеткіші мәнінің қай тәуекел тобына жататындығына қарай көрсеткішке сол тәуекел тобының мәні беріледі. Мәндері жоғары дәрежелі тәуекел тобына жататын көрсеткіштерге – 3 балл, орта дәрежелі тәуекел тобындағыларға – 2 балл және ең төмен дәрежелі тәуекел тобындағыларға - 1 б а л л б е р і л е д і .

17. Бақылау объектісі бойынша тәуекелдің жиынтық көрсеткішін есептеу әрбір топтың бөлінісінде әрбір бақылау объектісі бойынша әрбір өлшемнің тәуекел топтары мәндерін қосу жолымен жүргізіледі.

18. Бақылау объектілерінің тәуекел дәрежесін анықтау мақсатында бақылау объектісінің пайыздық тәуекел үлесі айқындалады (тәуекелдердің алынған қосынды мәндері тәуекелдің ықтималы жоғары мәндерімен салыстырылады).

19. Бақылау объектісі, егер оның тәуекел үлесі 70-тен 100%-ға дейінгі аралықта болса, жоғары дәрежелі тәуекел тобына; тәуекел үлесі 50-ден 70%-ға дейінгі аралықта болса, орта дәрежелі тәуекел тобына және тәуекел үлесі 50%-дан төмен болса, ең төмен дәрежелі тәуекел тобына жатқызылады.

Осы есептеулерді қолданудың қорытындысы бойынша барлық бақылау объектілері 3 тәуекел тобына: жоғары дәрежелі тәуекел тобына, орта дәрежелі тәуекел тобына және ең төмен дәрежелі тәуекел тобына жіктеледі.

5. Тәуекелдер мониторингі мен бақылауы

20. Өлшемдер бойынша көрсеткіштерді нақтылай отырып, бақылау объектілері бөлінісіндегі белгілі бір тәуекел топтарына бақылау объектілерін жатқызу жөніндегі есептеулердің нәтижелері бақылау органының мүшелеріне

және бақылау органының бақылау қызметін жоспарлауға қатысатын құрылымдық бөлімшелерге жоспарлау кезеңі басталғанға дейін 1 ай бұрын т а п с ы р ы л а д ы .

21. Бақылау органының мүшелері және бақылау органының қызметін жоспарлауға қатысатын құрылымдық бөлімшелер қолдағы ресурстарды және қосымша ақпаратты ескере отырып, тәуекелдерді бағалаудың негізінде бақылау объектілерін тәуекел топтарына жатқызу жөніндегі деректерді алған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде бақылау органының тиісті кезеңге арналған жұмыс жоспарына енгізу жөніндегі ұсыныстарын бақылау органының бақылау қызметін жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшесіне жібереді.

22. Бақылау органының мүшелерімен және бақылау қызметін жоспарлауға қатысатын құрылымдық бөлімшелермен келісілген бақылау органының тиісті кезеңге арналған жұмыс жоспарының жобасы бақылау органының басшысына бақылау органының жұмыс жоспарына енгізу жөніндегі ұсыныстар алынған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде кейін табыс етіледі.

23. Бақылау іс-шараларын жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді бағалау мемлекеттік қаржылық бақылаудың тиімділігін арттыру және бақылау органының шектеулі ресурстарын оңтайлы бөлу мақсатында бақылаудың бастапқы кезеңінде, сондай-ақ қажет болған жағдайда бақылау жүргізудің кез келген сатысында жүргізіледі.

6. Тәуекелдерді басқаруды жоспарлау

24. Тәуекелдерді басқаруды жоспарлау тәуекелдерді төмендету және қаржылық тәртіпті арттыру мақсатында бақылау органының бақылау-талдау іс-шараларын жоспарлау және жүргізу бойынша шешімдер қабылдауы арқылы жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

25. Бақылау органы бақылаудың қорытындысы бойынша бақылау объектілері бойынша ұсынымдар дайындайды, оларды іске асыру тәуекелді төмендетуге және қаржылық бұзушылықтардың алдын алуға ықпал етеді.

26. Осы үлгі жүйедегі барлық объектілер алты блокқа бөлінеді. Бірінші блокқа – стратегиялық жоспарын әзірлейтін мемлекеттік органдар, екінші блокқа – стратегиялық жоспарын әзірлемейтін мемлекеттік органдар, үшінші және төртінші блоктарға – кіріс бөлігі бойынша (салық органдары және салық органдарын қоспағанда) мемлекеттік органдар, бесінші блокқа – бағдарламалық құжаттарды (мемлекеттік және оларды іске асыру бойынша әзірленген салалық бағдарламаларды) және алтыншы блокқа - квазимемлекеттік сектор субъектілері жатқызылған. Бағдарламалық құжаттарды (мемлекеттік және оларды іске асыру бойынша әзірленген салалық бағдарламаларды) тәуекел топтарына жатқызу

жөніндегі тәуекелдерді бағалаудың өлшемдері тек қана Есеп комитетімен анықталады.

27. Блоктардың бақылау объектілерінде тәуекелдерді келесі өлшемдер негізінде анықтау:

Үлгі жүйесіне 1-қосымшаға сәйкес стратегиялық жоспарларды әзірлейтін мемлекеттік органдарын тәуекел топтарына жатқызу жөніндегі;

Үлгі жүйесіне 2-қосымшаға сәйкес стратегиялық жоспарларды әзірлемейтін мемлекеттік органдарын тәуекел топтарына жатқызу жөніндегі;

Үлгі жүйесіне 3-қосымшаға сәйкес республикалық/жергілікті бюджетке түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету бойынша қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды (салық органдары) тәуекел топтарына жатқызу жөніндегі;

Үлгі жүйесіне 4-қосымшаға сәйкес республикалық/жергілікті бюджетке түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету бойынша қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды (салық органдарын қоспағанда) тәуекел топтарына жатқызу жөніндегі;

Үлгі жүйесіне 5-қосымшаға сәйкес бағдарламалық құжаттарды (мемлекеттік және оларды іске асыру бойынша әзірленген салалық бағдарламаларды) тәуекел топтарына жатқызу жөніндегі;

Үлгі жүйесіне 6-қосымшаға сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерін тәуекел топтарына жатқызу жөніндегі.

28. Есеп комитетінің, тексеру комиссияларының қаулылары мен қорытындыларының деректері және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті мен оның аумақтық бөлімшелерінен түскен ақпарат негізінде мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының соңғы екі жыл ішіндегі бақылау іс-шараларымен мемлекеттік органдардың қамтылу толықтығына бюджеттік бағдарламаларды талдау жүргізіледі, атап айтқанда:

Үлгі жүйесіне 7-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының екі жыл ішіндегі тақырыптық бақылау іс-шараларымен қамтудың толықтығын талдау (әрбір мемлекеттік орган бөлінісінде);

Үлгі жүйесіне 8-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының екі жыл ішіндегі тақырыптық бақылау іс-шараларымен мемлекеттік органдарды қамтуының толықтығын талдау (барлық мемлекеттік органдар бойынша жиынтық).

29. Бақылау органдары қажетіне қарай әлдеқайда дәл нәтижелер алу мақсатында блоктар мен өлшемдердің санын, сондай-ақ өлшемдердің мәндері диапазондарын өзгертеді.

30. Бақылау органдары бақылау объектілерінің тәуекелдерін бағалаудың нәтижелерін бақылау іс-шараларын жоспарлау және жүргізу кезінде, сондай-ақ

бақылау органының қызмет бағыттары бойынша талдамалық, ақпараттық және өзге де құжаттарды дайындау барысында пайдаланады.

Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесіне
1-қосымша

Стратегиялық жоспарын әзірлейтін мемлекеттік органдарын тәуекел топтарына жатқызу жөніндегі ӨЛШЕМДЕР ТІЗБЕСІ

P/c №	Көрсеткіштер атауы	Тәуекел топтары		
		жоғары дәрежелі	орташа дәрежелі	ең төмен дәрежелі
1	Стратегиялық жоспардың орындаушысы	жоғары дәрежелі	орташа дәрежелі	ең төмен дәрежелі
2	Қол жеткізілмеген нысаналы индикаторлардың олардың жалпы санына шаққандағы үлесі, %-бен	> 4	2-3	< 1
3	Нәтиженің қол жеткізілмеген көрсеткіштерінің олардың жалпы санына шаққандағы үлесі, %-бен	> 4	2-3	< 1
4	Орындалмаған іс-шаралардың олардың жалпы санына шаққандағы үлесі, %-бен	> 4	2-3	< 1
5	Мемлекеттік органмен іске асырылып жатқан бюджеттік бағдарламалардың саны	> 20	10-20	< 10
6	Жалпы санына шаққанда бастапқыда бекітілген стратегиялық жоспарда көзделген бюджеттік бағдарламалардың қол жеткізбеген тікелей нәтиженің көрсеткіштерінің үлесі, %-бен	> 7	6-5	< 5
7	Жалпы санына шаққанда бастапқыда бекітілген стратегиялық жоспарда көзделген бюджеттік бағдарламалардың қол жеткізбеген түпкілікті нәтиженің көрсеткіштерінің үлесі, %-бен	> 7	6-5	< 5
8	Стратегиялық жоспарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың жиілігі	> 5	5	< 5
9	Мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жылдық көлемі, млн. тенге*			
10	Есепті кезеңде бюджеттің жалпы көлеміне шаққанда даму бюджетінің үлесі, %-бен	> 30	25-30	< 15
11	Соңғы екі жылда бөлінген бюджет қаражатының жалпы көлеміне шаққанда тақырыптық бақылаумен қамтылған бюджет қаражатының үлесі, %-бен	< 30	30-60	> 60
12	Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда қаржыландыру көлемінің өсуі/төмендеуі, %-бен	>/= 15	>/= 10	>/= < 0
13	Уақтылы іске асырылмаған бюджеттік инвестициялық жобалардың олардың жалпы санына шаққандағы үлесі	> 10	7-8	< 5

14	Осы мемлекеттік органмен іске асырып отырған бюджеттік инвестициялық жобалардың саны	</= 96	</= 99	</= 100
15	Тиісті кезеңнің шығыстар көлеміне шаққандағы бұрынғы бақылаумен анықталған қаржылық бұзушылықтардың ауқымы, %-бен	> 5	2-5	< 2
16	Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда дебиторлық берешек көлемінің өсуі/төмендеуі, %-бен	>/= 10	>/= 5	>/= 0
17	Қызметкерлердің жалпы санына шаққандағы кадрлардың тұрақтамаушылығы, %-бен	>/= 30	>/=10	>/= <0
18	Соңғы жүргізілген кешенді тексерудің күні, жылы	>/= 10	>/= 5	>/= 0
19	Бақылау органының ұсынымдарын орындау, %-бен	>/= 3	>/= 2	>/= <1
20		</= 60	</= 80	</= 100

* бұл өлшем бойынша, осы облыстың, ауданның бюджет қаражаты көлеміне сүйене отырып, тексеру комиссиялары өз бетінше екі мәнді: біреуін – облыстық деңгей үшін, екіншісін – аудандық деңгей үшін айқындайды.

Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесіне
2-қосымша

Стратегиялық жоспарын әзірлейтін мемлекеттік органдарын тәуекел топтарына жатқызу жөніндегі ӨЛШЕМДЕР ТІЗБЕСІ

P/c №	Көрсеткіштер атауы	Тәуекел топтары		
		жоғары дәрежелі	орташа дәрежелі	ең төмен дәрежелі
1	Мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жылдық көлемі*			
2	Есепті кезеңде бюджеттің жалпы көлеміне шаққанда даму бюджетінің үлесі, %-бен	> 30	25-30	< 15
3	Соңғы екі жылда бөлінген бюджет қаражатының жалпы көлеміне шаққанда тақырыптық бақылаумен қамтылған бюджет қаражатының үлесі, %-бен	< 30	30-60	> 60
4	Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда қаржыландыру көлемінің өсуі/төмендеуі, %-бен	>/= 15	>/= 10	>/= <0
5	Уақтылы іске асырылмаған бюджеттік инвестициялық жобалардың олардың жалпы санына шаққандағы үлесі	> 10	7-8	< 5
6	Кезеңнің соңында бюджет қаражатының игерілуі, %-бен	</= 96	</= 99	</= 100
7	Осы мемлекеттік мекемелердің іске асырып отырған бюджеттік инвестициялық жобалардың саны	> 5	2-5	< 2
8	Тиісті кезеңнің шығыстар көлеміне шаққандағы бұрынғы бақылаумен анықталған қаржылық бұзушылықтардың ауқымы, %-бен	>/= 10	>/= 5	>/= 0

9	Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда дебиторлық берешек көлемінің өсуі/төмендеуі, %-бен	>/= 30	>/=10	>/=<0
10	Қызметкерлердің жалпы санына шаққандағы кадрлардың тұрақтамаушылығы, %-бен	>/= 10	>/= 5	>/= 0
11	Соңғы жүргізілген кешенді тексерудің күні, жылы	>/= 3	>/= 2	>/=<1
12	Бақылау органының ұсынымдарын орындау, %-бен	</= 60	</= 80	</= 100

Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесіне
3-қосымша

Республикалық/ жергілікті бюджетке түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету бойынша қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды (салық органдары) тәуекел топтарына жатқызу жөніндегі

ӨЛШЕМДЕР ТІЗБЕСІ

Р/с №	Көрсеткіштер атауы	Тәуекел топтары		
		жоғары дәрежелі	орташа дәрежелі	ең төмен дәрежелі
1.	Жергілікті бюджетке кірістер бойынша түсімдер жоспарының орындалмауы, көздер саны	>/= 4	>=2	>/=0
2.	Түсімдердің жалпы санына шаққанда жергілікті бюджетке берешектің үлесі, %	> 10	5-10	<5
3.	Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда жергілікті бюджетке берешектің өсуі, %	</= 15	</= 10	</=0
4.	Бұрынғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда жергілікті бюджетке кірістер бойынша түсімдердің төмендеуі, көздер саны	>/= 2	>/= 1	>/=0
5.	Есепті кезеңде жергілікті бюджетке түскен салықтық және салықтық емес түсімдердің көлемі, млн. теңге	>/= 500	>/= 300	>/=<100
6.	Есепті кезеңде жергілікті бюджеттің орындалуы, %	</= 120	</=115	>/= 110
7.	Бұрынғы есепті кезеңмен салыстырғанда түсімдер өсімінің қарқыны, %	</= 107	</=115	>/=125
8.	Бұрынғы есепті кезеңмен салыстырғанда бересі өсімінің қарқыны, %	>/=100	>/=50	>/=<0
9.	Бұрынғы есепті кезеңмен салыстырғанда артық төлемдер өсімінің қарқыны, %	>/=100	>/=50	>/=<0
10.	Салықтық тексерулердің актілері бойынша қосымша есептелген сомаларды өндіріп алудың пайызы, %	</=90	</=95	</=100

11.	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының соңғы тексеруінің күні, жылы	≥ 2	≥ 1	бір жылдан кем
12.	Анықталған бұзушылықтар сомасы, млн. теңге	$\geq 1,0$	$\geq 0,5$	≥ 0
13.	Бақылау органының ұсынымдарын орындау, %-бен	≤ 90	≤ 95	≤ 100

Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесіне
4-қосымша

**Республикалық/ жергілікті бюджетке түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету бойынша қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды (салық органдарын қоспағанда) тәуекел топтарына жатқызу жөніндегі
ӨЛШЕМДЕР ТІЗБЕСІ**

Р/с №	Көрсеткіштер атауы	Тәуекел топтары		
		жоғары дәрежелі	орташа дәрежелі	ең төмен дәрежелі
1	Жергілікті бюджетке берешек, млн. теңге *			
2	Қызметкерлердің жалпы санына шаққандағы кадрлардың тұрақтамаушылығы, %-бен	≥ 10	≥ 5	≥ 0
3	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының соңғы тексеруінің күні, жылы	≥ 2	≥ 1	бір жылдан кем
4	Анықталған бұзушылықтар сомасы, млн. теңге	$\geq 1,0$	$\geq 0,5$	≥ 0
5	Бақылау органының ұсынымдарын орындау, %-бен	≤ 90	≤ 95	≤ 100

* осы өлшем бойынша тексеру комиссиялары өз бетінше екі шаманы: біреуін – облыстық деңгей үшін, екіншісін – аудандық деңгей үшін айқындайды.

Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесіне
5-қосымша

Бағдарламалық құжаттарды (мемлекеттік және оларды іске асыру бойынша әзірленген салалық бағдарламаларды) тәуекел топтарына жатқызу жөніндегі ӨЛШЕМДЕР ТІЗБЕСІ

P/c №	Көрсеткіштердің атауы	Тәуекел топтары			Көрсеткіштердің сипаттамасы
		жоғары дәрежелі	орташа дәрежелі	ең төмен дәрежелі	
1	Қаржыландыру көлемі, млрд. теңге *				Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі есептерінің нормативтік-құқықтық актілерден ақпарат
2	Бағдарламалық құжаттың негізгі орындаушысы	жоғары дәрежеліден	орташа дәрежелі	ең төмен дәрежелі	Бағдарламалық құжат паспортынан ақпарат
3	Бағдарламалық құжат бойынша іс-шараларды орындау мақсатында іске асырылатын бюджеттік бағдарламалардың саны	> 20	10-20	< 10	Қаржы Министрлігінің ақпараты
4	Бағдарламалық құжат бойынша іс-шараларды орындау мақсатында іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалар саны	> 20	10-20	< 10	Қаржы Министрлігінің ақпараты
5	Уақтылы іске асырылмаған бюджеттік инвестициялық жобалардың олардың жалпы санына шаққандағы үлесі	> 10	5-10	< 5	Қаржы Министрлігінің ақпараты
6	Қол жеткізілмеген нысаналы индикаторлардың олардың жалпы санына шаққандағы үлесі	> 10	5-10	< 5	Жыл қорытындысы бойынша мемлекеттік және оларды іске асыру бойынша әзірленген салалық бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерден Экономикалық даму және сауда министрлігінің ақпараты
7	Қол жеткізілмеген көрсеткіш нәтижелерінің олардың жалпы санына шаққандағы үлесі	> 10	5-10	< 5	Жыл қорытындысы бойынша мемлекеттік және оларды іске асыру бойынша әзірленген салалық бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерден Экономикалық даму және сауда министрлігінің ақпараты
					Жыл қорытындысы бойынша мемлекеттік және оларды іске асыру

8	Орындалмаған іс-шаралардың олардың жалпы санына шаққандағы үлесі	> 10	5-10	< 5	бойынша әзірленген салалық бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерден Экономикалық даму және сауда министрлігінің ақпараты
9	Бағдарламаны іске асыруға тартылған мемлекеттік органдардың саны	> 10	5-10	<5	Жыл қорытындысы бойынша мемлекеттік және оларды іске асыру бойынша әзірленген салалық бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерден Экономикалық даму және сауда министрлігінің ақпараты
10	Қаржыландыру көзі (республикалық бюджеттен қаржыландыру үлесі)	> 60	20-60	<20	Жыл қорытындысы бойынша мемлекеттік және оларды іске асыру бойынша әзірленген салалық бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерден Экономикалық даму және сауда министрлігінің ақпараты
11	Бағдарламалық құжат шеңберінде іске асырылатын іс-шаралар саны	> 30	15-30	< 15	Жыл қорытындысы бойынша мемлекеттік және оларды іске асыру бойынша әзірленген салалық бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерден Экономикалық даму және сауда министрлігінің ақпараты

* осы блок тек қана Есеп комитетімен пайдаланады.

** осы өлшем бойынша Есеп комитеті өз бетінше айқындайды.

Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесіне б-қосымша

Квазимемлекеттік сектор субъектілерін тәуекел топтарына жатқызу жөніндегі ӨЛШЕМДЕР ТІЗБЕСІ

Р/с №	Көрсеткіштер атауы	Тәуекел топтары		
		жоғары дәрежелі	орташа дәрежелі	ең төмен дәрежелі
1.	Мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражаттың көлемі *			
2.	Жарғылық капитал мөлшерінің өсуі/төмендеуі, %-бен	>/= 15 </= -15	>/= 10 </= -10	>/= 0 </= 0

3.	Еншілес және қауымдастырылған ұйымдардың бар-жоғы, бірлік	>/=5	>/=2	>/=0
4.	Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда табыстың өсуі/ төмендеуі, %-бен	</= 0	</=10	> 10
5.	Шығыстардың жалпы көлеміне шаққанда әкімшілік шығыстардың үлесі, %-бен	>/=30	>/= 20	>/=<10
6.	Табыстан төленген дивидендтердің көлемі, %-бен	>/= 0 </= 10	>/= 10	>/= 50
7.	Соңғы тексерудің жүргізілген күні, жылы	>/= 3	>/= 2	>/=<1
8.	Бақылау органының ұсынымдарын орындау, %-бен	</= 60	</= 80	</= 100

* осы өлшем бойынша тексеру комиссиялары өз бетінше екі шаманы: біреуін – облыстық деңгей үшін, екіншісін – аудандық деңгей үшін айқындайды.

Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесіне
7-қосымша

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының екі жыл ішіндегі тақырыптық бақылау іс-шараларымен қамтудың толықтығын талдау (әрбір мемлекеттік орган бөлінісінде)

мың теңге

Б / б №	Бюджеттік бағдарламалардың атауы	20xx жылы	20xx жылы
001			
002			
003			
004			
005			
006			
...			
	соңғы екі жылда бөлінген бюджет қаражатының жалпы көлемі		
	бақылау органының бақылауымен қамтылған бюджет қаражатының көлемі		

Қорытындыдан бюджеттік бағдарламаның №:

Ескерту: бақылау органының тақырыптық бақылауымен қамтылған бюджеттік бағдарламалар қызыл түспен боялады. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Қаржылық бақылау комитетінің және оның аумақтық

бөлімшелерінің тақырыптық бақылауымен қамтылған бюджеттік бағдарламалар сары түспен боялады. Бақылаумен қамтылмаған бюджеттік бағдарламалар көгілдір түспен боялады.

Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды
 жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын
 тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесіне
 8-қосымша

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының екі жыл ішіндегі тақырыптық бақылау іс-шараларымен мемлекеттік органдарды қамтуының толықтығын талдау (барлық мемлекеттік органдар бойынша жиынтық)

мың теңге

P/c №	Мемлекеттік органның атауы	Соңғы екі жылда бөлінген бюджет қаражатын бақылаумен қамтудың %-ы	20XX-20XX жылдары бөлінген бюджет қаражатын бақылаумен қамту	Мемлекеттік органның екі жылдағы бюджеті	20XX жылғы бюджеті	20XX жылғы бюджеті
1						
2						
3						
4						
5						
6						
7						
8						
9						
10						
11						
12						
13						
14						
15						
16						
17						
18						
19						
20						
..						

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК